«Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» КММ
"Археологиялық зерттеулер" ЖШС

«Бекітемін»
"Археологиялық зерттеулер"
ЖШС директоры
Амиров Е.Ш.

_____
(қолы)
«07» шілде 2021 ж.

Қызылорда облысының аумағында тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарын,құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын анықтауды жүргізу бойынша жұмыстар

Қала құрылысы және сәулет ескерткіші
Абыла жел диірмені

Қызылорда - Қараганды, 2021

Мазмұны

Түсіндірмелі жазба 3

Ғылыми-зерттеу жұмыстары 4

Фотосуреттер 8

Сызба-графикалық материалдар 10

Түсіндірмелі жазба

2021 жылдың дала маусымында "Археологиялық зерттеулер" ЖШС Қызылорда облысы аумағындағы тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын анықтау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырды.

Жұмыстарды жүзеге асыру үшін негіздеме: 2021 жылғы 03 маусымдағы № 44 қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары келесі ескерткіште жүргізілді:

Абыла жел диірмені. Жергілікті маңызы бар ескерткіш (қала құрылысы және сәулет), Қармақшы ауданының Абыла ауылы, Алмағанбет Ысқақов көшесі, н/з мекен-жайда орналасқан N45°23'15,0035" E64°15'27,7159". Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №28 қаулысымен бекітілген Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміндегі №136 ескерткіш.

Жоғарыда аталған жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-зерттеу жұмыстары нормативтік-құқықтық базаға сәйкес және шарттың техникалық спецификациясы шеңберінде жүргізілді.

Нормативтік-құқықтық база:

1. "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы;
2. Тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағын, құрылыс салуды реттеу аймағын және қорғалатын табиғи ландшафт аймағын және оларды пайдалану режимін айқындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 86 бұйрығы.

Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есептің арнайы тарауында ескерткіштің координаттары, фото және қорғау аймақтарының схемалары толық сипатталған барлық іздестіру кешенінің сипаттамасы келтірілген.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық кешені үш кезеңге бөлінді. Бірінші (камералдық) жергілікті маңызы бар зерттелетін ескерткіштер туралы деректер, олардың мұрағаттық, библиографиялық және картографиялық материалдарда ескерілуі пысықталды, экспедицияның оңтайлы бағыты жасалды. Екінші кезеңде, тікелей дала жұмыстарын білдіретін келесі іздестірулер жүргізілді: ескерткіштер мен қоршаған ортаның топографиялық және ахуалдық жоспарлары алынды, объектілердің координаттары нақтыланды, қолданыстағы заңнамамен белгіленген барлық аймақтар анықталды, аэрофотүсірілім жүргізілді. Қорытынды кезеңде GIS ортасында жаңа картографиялық материалдарды өңдеу және жасау бойынша жұмыстар жүргізілді, фото дайындалды, ғылыми зерттеулердің қорытындылары бойынша есеп жасалды.

Тарих және мәдениет ескерткішінің сипаттамасы

Жергілікті маңызы бар ескерткіш (қала құрылысы және сәулет), Қармақшы ауданы, Абыла ауылы Алмағанбет Ысқақов көшесі, н/з мекен-жайда орналасқан (координаттары: N45°23'15,0035" E64°15'27,7159").

Абыла жел диірмені-көлденең роторлы және ұзартылған төртбұрышты қанаттары бар классикалық жел диірмені. Қанаттар солтүстік-шығысқа бағытталған. Жел диірмені шикі кірпіштен қаланған, шикі кірпіштін өлшемі 30х11х8 см. Жел диірменінің төменгі бөлігінің диаметрі - 6 м., және биіктігі-1,8 м, жоғарғы бөлігі цилиндр пішінінде, биіктігі 5 м., шамасында болады. Ескерткіштің жалпылама биіктігі 11 м. Жел диірменінің ішкі диаметрі -3,6 м.

Жел диірменінің кіреберіс есігінің жанында тақтайша орнатылған ол тақтайшада келесідей жазу жазылған «Жел диірмен 1940 жылы ұсталар Мамыров Кусейін мен Тәтібаев Әлнурлардын басшылыгымен салынды. Диірменші Мамыров К Жел диірменді 1980 ж. Алтынбасов Ж. қайта қалпына келтірген. Бұл ескі мұра кейінгі ұрпаққа Ұлы Отан соғысы кезендерінен ескерткіш. Абыла селосы 1983 ж».

2010 жылы ескерткіште ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Қызылордарестоврация" РМК ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізген.

2013 жылы ескерткіш "Тараз" археологиялық ғылыми орталығы ЖШС қызметкерлерімен зерттелді.

Ескерткіш елді мекен аумағында орналасқан. Күзет аймақтары жеке меншік иеліктермен шектеседі.

Қазіргі уақытта ескерткіштің аумағы 69,63 кв.м (сур. 1-2).

Тарихи мұра ескерткіш аймағының шеткі нүктелерінің координаттары:

Шеткі нүкте	Тарихи-мәдени мұра аймағы
солтүстік шеті	N45°23'15,057"
	E64°15'27,833"
шығыс шеті	N45°23'14,902"
	E64°15'28,046"
батыс шеті	N45°23'14,906"
	E64°15'27,612"
оңтүстік шеті	N45°23'14,751"
	E64°15'27,826"

Пайдаланылған әдебиет

Тажикеев А.А., Дарменов Р.Т. Мельница Абыла. Паспорт памятника истории и культуры Республики Казахстан. 20.06.2013 г.

Күзет аймағы (сур. 3).

Тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағын, құрылыс салуды реттеу аймағын және қорғалатын табиғи ландшафт аймағын және оларды пайдалану режимін айқындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 86 бұйрығына сәйкес ескерткіштің қорғау аймағы анықталды - биіктігі 40 (қырық) метрге дейінгі қала құрылысы және сәулет ескерткіші, монументалды өнер құрылысы жерден оның ең жоғары нүктесіне дейінгі қашықтықтың екі шамасына тең күзет аймағымен қоршалады

Жерден ең биік нүктеге дейінгі биіктігі 11 м болатындығын ескере отырып, Абыла жел диірмені ескерткіштің қорғау аймағы оның сыртқы шекараларынан 22 м өлшеммен анықталады. Қорғау аймағының аумағында тарихи-мәдени мұра объектісінің сақталуына, оның тарихи-мәдени қабылдауына зиянды әсер ететін жұмыстар жүргізілмейді.

Қорғау аймағының ауданы 2 169,092 м² құрайды.

Қорғау аймағының шеткі нүктелерінің координаттары:

Шеткі нүкте	Күзет аймағы
Батыс шеті	N45°23'14,923"
	E64°15'26,594"
Солтүстік шеті	N45°23'15,769"
	E64°15'27,881"

Шығыс шеті	N45°23'14,912"
	E64°15'29,056"
Оңтүмтік шеті	N45°23'14,039"
	E64°15'27,838"

Құрылыс салуды реттеу аймағы (сур. 4).

Ескерткіштің қорғау аймағы 8-бапқа сәйкес анықталған Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 86 бұйрығы. «тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағын, құрылыс салуды реттеу аймағын және қорғалатын табиғи ландшафт аймағын және оларды пайдалану режимін айқындау қағидаларын бекіту туралы» - Тарих және мәдениет ескерткішін салуды реттеу аймағы қорғау аймағының бірдей шамасына тең анықталады. Тарих және мәдениет ескерткішін салуды реттеу аймағы тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағының шетінен белгіленеді.

Жоғарыда көрсетілген заңға сәйкес Абыла жел диірменінің құрылысын реттеу аймағы күзет аймағының шекарасынан 22 мөлшерінде белгіленеді. Құрылыс салуды реттеу аймағы тарихи-мәдени мұра объектілерінің қалаларды, елді мекендерді, пейзажды салу мен жоспарлаудың тарихи қалыптасқан жүйесінде кеңістіктік, композициялық рөлін сақтау үшін, тарихи-мәдени мұра объектісінің қазіргі қала құрылысы немесе табиғи ортамен үйлесімді бірлігін қамтамасыз ету үшін белгіленеді.

Құрылыс салуды реттеу аймағының ауданы 4 017,56 м² құрайды.

Құрылыс салуды реттеу аймағының шеткі нүктелерінің координаттары:

Шеткі нүкте	Құрылыс салуды реттеу аймағы
Солтүстік шеті	N45°23'16,492"
	E64°15'27,909"
Батыс шеті	N45°23'15,579"
	E64°15'25,816"
Оңтүстік–батыс шеті	N45°23'13,409"
	E64°15'27,165"
Оңтүстік шеті	N45°23'13,317"
	E64°15'27,855"
Шығыс шеті	N45°23'14,962"
	E64°15'30,052"

Қорғалатын табиғи ландшафт аймағы (сур. 5)

Ескерткіштің қорғау аймағы 9-бапқа сәйкес анықталған Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі №

86 бұйрығы. «тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағын, құрылыс салуды реттеу аймағын және қорғалатын табиғи ландшафт аймағын және оларды пайдалану режимін айқындау қағидаларын бекіту туралы» - Тарих және мәдениет ескерткішінің қорғалатын табиғи ландшафты аймағы құрылыс салуды реттеу аймағының шамасына тең анықталады. Қорғалатын табиғи ландшафт аймағы құрылыс салуды реттеу аймағының шетінен белгіленеді.

Жоғарыда көрсетілген заңға сәйкес, Абыла жел диірмені ескерткішінің қорғалатын табиғи ландшафт аймағы құрылыс салуды реттеу аймағының шекарасынан 22 м өлшеммен анықталады. Қорғалатын табиғи ландшафт аймағының аумағында ландшафтың, сумен жабдықтау жүйесінің, өсімдіктердің және аймақ режимінде көзделген басқа да элементтердің сипатын өзгертпейтін қызметке жол беріледі.

Жергілікті тұрғындардың мал мен бақшаларға арналған қоралар орнату түріндегі шаруашылық қызметі нысанның сақталуына қауіп төндіреді.

Қорғалатын табиғи ландшафт аймағының ауданы 5 436,98 м^2 құрайды.

Қорғалатын табиғи ландшафт аймағының шеткі нүктелерінің координаттары:

Шеткі нүкте	Қорғалатын табиғи ландшафт аймағы	
Солтүстік шеті	N45°23'17,185"	N45°23'16,669"
	E64°15'28,041"	E64°15'28,509"
Солтүстік-шығыс шеті	N45°23'16,81"	N45°23'16,225"
	E64°15'29,625"	E64°15'30,144"
Солтүстік-шығыс шеті	N45°23'16,285"	N45°23'15,777"
	E64°15'30,417"	E64°15'30,319"
Батыс шеті	N45°23'16,277"	
	E64°15'25,223"	
Оңтүстік-батыс шеті	N45°23'12,735"	
	E64°15'26,838"	
Оңтүстік шеті	N45°23'12,617"	
	E64°15'27,925"	
Шығыс шеті	N45°23'14,886"	
	E64°15'31,144"	

Фотосуреттер

Фото 1. Абыла жел диірмені. Солтүстікке бағытталған көрініс.

Фото 2. Абыла жел диірмені. Солтүстікке бағытталған көрініс.

Фото 3. Абыла жел диірмені. Оңтүстік-батысқа бағытталған көрініс.



Фото 4. Абыла жел диірмені. Оңтүстік-батысқа бағытталған көрініс.

Фото 5. Абыла жел диірмені. Оңтүстікке бағытталған көрініс.

Фото 6. Абыла жел диірмені. Оңтүстікке бағытталған көрініс.

Фото 7. Абыла жел диірмені.
Шығысқа бағытталған көрініс.

Фото 8. Абыла жел диірмені.
Шығысқа бағытталған көрініс.

Фото 9. Абыла жел диірмені.
Жоғарыдан түсірілген көрініс.

Фото 10. Абыла жел диірмені.
Солтүстікке бағытталған көрініс.

Фото 11. Абыла жел диірмені.
Жоғарыдан түсірілген көрініс.

Фото 12. Абыла жел диірмені.
Жоғарыдан түсірілген көрініс.

Сызба-графикалық материалдар





Сур. 1. Тарихи-сәулет тірек жоспары

Мельница Абыла. Границы памятника историко культурного наследия.

памятник историко-культурного наследия; площадь 69,63 кв. м
зеленые насаждение
грунтовая дорога
забор
координаты

Сур. 2. Абыла жел диірмені. Тарихи-мәдени мұра ескерткішінің шекарасы.



Мельница Абыла. Границы охранной зоны.

- памятник историко-культурного наследия; площадь 69,63 кв. м
- охранная зона; 22 м от границ памятника историко-культурного наследия; площадь 2 169,092 кв.м
- зеленые насаждение
- грунтовая дорога
- хозяйственные постройки
- забор
- жилые дома
- координаты

Сур. 3. Абыла жел диірменінің қорғау аймағы.



Мельница Абыла. Границы зона регулирования застройки.

- памятник историко-культурного наследия; площадь 69,63 кв. м
- зона регулирования застройки; 22 м от границ охранной зоны; площадь 4 017,55
- зеленые насаждение
- грунтовая дорога
- хозяйственные постройки
- забор
- жилые дома
- координаты

Сур. 4. Абыла жел диірменінің құрылысты реттеу аймағының жоспары



Мельница Абыла. Границы зоны охраняемого природного ландшафта.

- координаты
- зеленые насаждение
- памятник историко-культурного наследия; площадь 69,63 кв. м
- зона охраняемого природного ландшафта; 22 м от границ зоны регулирования застройки; площадь 5 436,98 кв. м
- забор
- хозяйственные постройки
- жилые дома
- грунтовая дорога
- асфальтированная дорога

Сур. 5. Абыла жел диірменінің табиғи ландшафты қорғау аймағының жоспары



Мельница Абыла. Границы зоны охраняемого природного ландшафта.

- памятник историко-культурного наследия; площадь 69,63 кв. м
- охранная зона; 22 м от границ памятника историко-культурного наследия; площадь 2 169,092 кв.м
- зона охраняемого природного ландшафта; 22 м от границ зоны регулирования застройки; площадь 5 436,98 кв. м
- зеленые насаждение
- грунтовая дорога
- хозяйственные постройки
- асфальтированная дорога
- забор
- жилые дома

Сур. 6. Абыла жел диірмені. Ескерткіштің қорғау аймақтары.